

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды сынақтық ұшырудың 2002 жылғы екінші жарты жылдыққа арналған жоспары бойынша қорытындыны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 2 желтоқсан N 1276

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды сынақтық ұшырудың 2002 жылғы екінші жарты жылдыққа арналған жоспары бойынша қорытынды (бұдан әрі - Қорытынды) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қорытындыны Ресей тарапына дипломатиялық арналар бойынша жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

2

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N

1 2 7 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды сынақтық ұшырудың 2002 жылғы екінші жарты жылдыққа арналған жоспары бойынша қорытынды

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 2002 жылғы 19 ақпандағы ұсынымын және Ресей тарапының Америка Құрама Штаттарына СШҚ туралы шартқа байланысты жаңартылған деректерді белгілеу жөніндегі уағдаластық туралы меморандум бойынша деректерді жарты жылдық алмасу туралы хабарлама жолдағаны туралы ақпаратты ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды сынақтық ұшырудың 2002 жылғы екінші жарты жылдыққа арналған ж о с п а р ы н к е л і с е д і .

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей тарапының назарын көрсетілген хабарламаның Қазақстан тарапымен белгіленген тәртіппен келісілмегендігіне аударады. Бұдан басқа, "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы құрлықаралық баллистикалық зымырандардың шахталық ұшыру қондырғыларының (бұдан әрі - ҚБЗ ШҰҚ) құқықтық мәртебесін түпкілікті шешу инспекциялық және хабарламалық қызметті келісуді және Ресей тарапының:

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартына сәйкес оларды мақсатты пайдалану аяқталған соң ҚБЗ ШҰҚ-ты жою жөніндегі; аталған ҚБЗ ШҰҚ орналасқан жерлердегі жер телімдерін қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру және жүргізу жөніндегі кепілдіктер беруін қамтуы тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК